


**Аутоагрессияның алдын алу
бойынша 2016-2017 оқу
жылының 1-жарты
жылдығында арнайы жоспар
жасалынып, жоспарға сәйкес
жұмыстар жүргізілуде**

- Оқушылар өздерін жақсы сезіне білу және өздерін танып білу мақсатында «Мен кімін, мен қандаймын?!» атты психологиялық сабақ 5-11 сыныптар арасында өткізілді. Сонымен қатар 5-7 сыныптар арасында «Қобалжудан қалайша арылу керек», 8-11 сынып «Стресстен арылу жолдары» атты психологиялық жаттығулар өтілді.
- Қиын оқушылар тобымен «Өмірім өз қолымда» тренинг сабақ және «Сын түзелмей мін түзелмек», «Мен сені жақсы көремін» атты ойындар өткізілді. Онда оқушылардың көңіл-күйлерінің көтерілуі және өзіне деген сенімдерінің артуы мақсатында. Оқушыларға «Адам қалай өзіне сенімді бола алады?», «Стресстен қалай арылуға болады» атты кеңестер беріліп отырады.
- «Мен өмірді қалаймын» дөңгелек үстел (7-8 сынып), «Өмірің өз қолыңда» тренинг (8-11 сынып), «Сенімді дос» (7-9 сынып), «Қарым-қатынас жасай білу үлкен өнер» тренинг (3-5 сыныптар), «Өмір саған несімен қызық» тренинг (бастауыш сынып) жыл бойына өткізіледі. «Өмірге деген құлшынысы» атты жеке әңгіме, «Өз өмірімізге балта шаппайық» дәріс, «Өмір мен үшін қымбат» әңгіме оқушылармен өткізіліп тұрады.
- Ата-аналар жиналысы «Баланы мадақтау мен жазалаудың ерекшеліктері (5-9), «Отбасы махаббаты неде?» (7-9 сынып) «Ата-ана балаға сенімді дос» (5 сынып), «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» атты тақырыптарда өтті. Ата-аналарға балаларына қалайша көңіл бөле білу керек екендігі жөнінде психологиялық кеңестер беріліп, «Байлаулы бала», «Банка» жксперименттік жаттығулары жүргізілді.
- Бейне фильмдер «Бала Жүрегіндегі мейірім», «Грегори Лемаршаль и Машель Сарду-Река нашего детства», «Ачто бы сделал ты», «Барашка», «Ник Вуйчич дарит надежду», «Зұлымдық пен жақсылық», «Шыдамдылық», «Балеттік жұп» 5-11 сыныптар арасында көрсетіліп, нәтижесінде оқушылар өз ойларын ортаға салып, талқыланады.

Суицид- өте қауіпті дерт.

- “Суицидтік мінез-құлық өмір түйсігі мен өлім түйсігі арасындағы ішкі өзара іс – қимыл салдары болып табылады”. Бұл адам үшін өмірдің мән – мағынасының жойылуы, өмірге деген құштарлығының төмендеуі.
- Әсіресе психологиялық қиындықтарға қарсы тұру қиын.
- Басына қиыншылық түскен адам өзін әртүрлі ұстайды.
- Біреулер уайым - қайғыға салынып, бойындағы үрей мен қорқынышты жеңе алмайды, ақыр аяғында о дүниеге аттанады. Ал енді біреулер болса бәрін соның ішінде ең бастысы психологиялық ауыртпалықты жеңіп, көп жағдайда өз өмірлерін құтқарып қалады.

Аутоагрессияның алдын алу негізі төмендегі жағдайларды қамтиды.

1. Оқушының мінез-құлқы.
 2. Отбасы жағдайы
 3. Ата-ана және мұғаліммен қарым-қатынасы
 4. Достары және сыныптастарымен араласуы
 5. Күн тәртібінің сақталуы
 6. Сыныптан тыс іс-шаралар мен үйірмелерге қатысуы.
 7. Оқушының өзін-өзі ұстауы
- 

Аутоагрессияның пайда болу себептері туралы ата – аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Негізгі себептері:

- 58,6 % - отбасынан;
- 27% - достарынан;
- 13% - жолы болмаушылықтан.


Ең қауіпті айлар:

Мамыр мен қараша.

Оқушылардан сауалнамалар алынды.

«Өзін-өзі бағалау» тестінің қорытындысы .

Мақсаты: Оқушылар өздерін қаншалықты деңгейде бағалайтындығын анықтау.



Өзін-өзі төмен және жоғары бағалайтын оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Аутоагрессияның алдын алу мақсатында ата-аналар мен педагогтарға арналған кеңестер берілді.

- Балалардың отбасылық және ішкі мәселелерін ашық талқылаңыздар.
- Отбасылық жанжалдарға балаларды араластырмаңыздар.
- Баланы тыңдай, оның сұрақтарына жауап бере, оның мәселелерін талқылай білу қажет.
- Оның өмірінде немқұрайлы емес, шынайы қатысу қажет.
- Оған сеніңіз, кездейсоқ еркелігін кешіріңіз.
- Балаларыңызға шынайы мақсаттарды қоюға және оларға қол жеткізуге ұмтылуға көмектесіңіз.
- Кедергілерді жеңуге міндетті түрде жәрдемдесіңіз.
- Баланың үйдегі, мектептегі және даладағы құқықтары мен міндеттерін нақты анықтай біліңіз. Бұл жерде дәрежелік емес, табандылық қажет.
- Оны кемшіліктері үшін айыптамаңыз, кінәламаңыз, оны қорқыныш, жалғандық, жауласу әлеміне жолатпаңыз. (Әрекетті сынға алуға болады, бірақ адамды емес!)
- Жастардың кез-келген құнды оң бастамаларын сөзбен және іспен қолдаңыз.
- Ешқандай жағдайда күш қолданатын жазалауды қолданбаңыз.
- Өсіп келе жатқан балаларыңызды жақсы көріңіз, қамқоршыл болыңыз және өте маңыздысы, олармен әдепті болыңыз.
- Бір-біріңізді балаға билік етумен бопсаламаңыз.
- Қиын сәтте жанында болатын қамқоршы, жақсы көретін адамға көп нәрсе тәуелді. Ол потенциалды суициденттің өмірін құтқарып қалуы мүмкін.

ШЫНАЙЫ

ЖАСЫРЫН

Суицидалдық
мінез-құлықтың
үш типі

ДЕМОНСТРАТИВ
ТІ

*“Суицид” - латын тілінен алынған, “өзін-өзі өлтіру”,
“өзіне қол салу” деген мағынаны білдіреді.*

*Демонстративтік суицид - өлуге деген
ниетпен байланысты емес, қайта өз
проблемасына назар аударту, жан
айқай
көмекке шақыру ретінде болады.*

*“Нағыз суицид” - қашанда жабырқау,
дағдарыстық жағдай не өмірден баз
кешу, күйзелу жатады. Бұған жүйке
ауруымен ауыратындар шалдығады.*



*“Жасырын суицид” - бұл мінез-
құлық
тәуекелге негізделген өмірден
өтуден гөрі, өліммен ойнауға
көбірек ұқсайды. Жастар
арасында көбірек кездеседі.*

СӨЗДІ

**МІНЕЗ-
ҚЫЛЫҚТЫ**

**Өзіне-өзі қол жұмсау
шешіміне келген
жасөспірімге тән
белгілер**

ЖАҒДАЙЛЫ



БАЛАЛАРДА ӨЗІНДІК ҚАДІРЛЕУ МЕН ЖЕКЕ АДАМГЕРШІЛІГІН ДАМУҒА ҚАЛАЙ ЖӘРДЕМЕДЕСУ КЕРЕК

Мектепте:

- Жетістікке жетуге шынайы мүмкіндіктер ұсыныңыз;
- Балаға үнемі қызығушылық таныту, оның бастамаларын қабылдау және қолдау;
- Өткендегі қателіктері мен шалыс басуларына көңіл аудармай, мінезінің оң жақтарына назар салыңыз;
- Үнемі баланы қолдап, қайраттандырып, мақтау қажет, оны ешқашан сынға алмай, оған арсыздық көрсетпеу қажет;
- Баланың қолынан келетін тапсырмаларды таңдай отыра, оның сенімсіздігінің, қателік жіберуден және сәтсіздіктен, жаңа істен қорқудың алдын алу;
- Оған нақты мақсаттарды қоя білу және оның жетістіктері мен сәттіліктеріне шынайы баға беру.

БАЛА ҚАШАН РЕНЖИДІ

- Барлық сәтсіздіктерді саған артса, ренішті;
- Жетістіктерін байқалмаса, ренішті;
- Егерде саған сенбесе, ренішті;
- Сенің қолыңнан келетін істі басқа адамға тапсырса, ренішті;
- Басқалары қызықты нәрсемен айналысқанда, сені жабырқаңқы, ез болған іспен айналысуға мәжбүрлегенде, ренішті;
- Түсінікті және қызықты іс машақатқа, құтыла алмайтын іске айналғанда, ренішті;
- Үшінші тұлғалардан өзің туралы «жаңашылдық» білгенде, ренішті;
- Өз шаруаларымен жүріп, сен туралы ұмытқанда, ренішті;
- Сенен күмәнданса, ал сенде ақталу мүмкіндігі болмағанда, ренішті;

РЕНІШТЕР НЕГЕ ӘКЕЛЕДІ

- Оқшаулануға;
- Қарым-қатынаста шеттеуге;
- «Қатынастарды анықтау» ұмтылысына, бұл қактығысқа ауысуы мүмкін;
- Қоршаған жағдайды «қара түстерде» көруге деген ұмтылысқа;
- Рационалдыдан эмоционалдык ауытқудың артуына;
- Жүйке-психикалық шиеленісудің артуына;
- Белсенділіктің төмендеуіне;
- Танымдық белсенділіктің реніш объектісіне аударуға және, нәтижесі ретінде, түскен ақпаратты дұрыс бағалаудың шектелуіне әкеледі.

БАЛАЛАР ӨМІР СҮРУДІ ӨМІРДЕН ҮЙРЕНЕДІ

- Егер баланы үнемі сынға алса, ол жек көруді үйренеді.
- Егер бала араздық ортасында өмір сүрсе, ол агрессияға үйренеді.
- Егер де баланы мұқатса, ол тұйық болады.
- Егер де бала жазғыру жағдайында өссе, кінә сезімімен өмір сүруге үйренеді.
- Егер де бала шыдамдылық ортасында өссе, ол басқаларды қабылдауға үйренеді. Егер баланы жиі көтермелесе, ол өзіне сенуге үйренеді.
- Егер де баланы жиі мақтаса, ол қайырымды болуға үйренеді.
- Егер бала адалдықта өмір сүрсе, әділ болуға үйренеді.
- Егер бала әлемге деген сенімде өмір сүрсе, ол адамдарға сенуге үйренеді.
- Егер бала қабылдау ортасында өмір сүрсе, ол әлемде махаббатты табады.

«Тәрбиеде қиындық» көрсететін оқушыға арналған психолого-педагогикалық карта

Аты-жөні	темпераменті	Сынып ішіндегі әлеуметтік дәрежесі	Оқу деңгейі	қабілеті
Қызығушылығы	Өзін өзі бағалауы	Аландаушылық деңгейі	агрессиясы	Қарым-қатынасқа түсуі
Есте сақтауы	қабылдауы	зейіні	ойлауы	қиялы

«Тәрбиеде қиындық» көрсететін оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	мерзімі	әдістемелер
1	Есепке алу, жұмыс жоспарын құру	қыркүйек	
2	Педагогикалық –психологиялық зерттеу картасы	қазан	Сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс
3	Бақылау	қазан	Бақылау күнделігін жүргізу
4	Үрей деңгейін анықтау	қараша	Филлипс әдістемесі, «жанұя суреті», т.с.с
5	Темпераментін анықтау	желтоқсан	Темпераментті зерттейтін әдістеме
6	Өзін-өзі бағалауы	қаңтар	Сауалнама
7	Агрессиясын анықтау	ақпан	Басса-Дарки сауалнамасы
8	Мінезін анықтау	сәуір	А.Г.Шмелев сауалнамасы

Оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	мерзімі	Жұмыстың мазмұны
1	Топтық жұмыс «Менім өмірлік ұстанымым»	Қазан	Эмоционалды сферасын түзету
2	Топтық жұмыс «жағымсыз сезімдерден арылу»	Қараша	Эмоционалды сферасын түзету
3	Арт-терапия	желтоқсан	Дамыту
4	Ертегі-терапия	Қаңтар	Дамыту
5	Жекеше жұмыс«Мен өз тұлғамды қалыптастырамын»	Ақпан	Өзін-өзі тану және дамыту жаттығулар
6	Жекеше жұмыс «Менің қажеттіліктерім»	Наурыз	Өзін-өзі тану және дамыту жаттығулар
7	Сәттілікке апарар кілттер	Сәуір	Өзіндік «менін» қалыптастырып
8	Мен мәдениетті адаммын	Мамыр	Эстетикалық мәдениеттілігін қалыптастыру